



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1651.  
Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.04.22. N 632 қаулысымен. ~P970632

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 43 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық

комитетіне төрағаның 1 орынбасарын, сондай-ақ саны 9 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитетінің орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1813 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 1651 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық  
комитеті орталық аппаратының құрылымы

**Басшылық**

Физика-математика, техникалық ғылымдар, Жер және ғарыш туралы ғылымдар бөлімі

Химия, биология, медицина, ауыл шаруашылығы ғылымдары бөлімі  
Гуманитарлық ғылымдар бөлімі

Сараптама, инспекция және талдау бөлімі

Ақпараттық технологиялар және құжаттарды ресімдеу бөлімі  
Әкімшілік басқару бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК